

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 888 Қаулысы

«2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Астана қаласында халықаралық маңызы бар іс-шараларды дайындау және өткізу, сондай-ақ саяси және әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 6 771 024 086 (алты миллиард жеті жүз жетпіс бір миллион жиырма төрт мың сексен алты) теңге сомасында, оның ішінде:

1) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігіне осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес іс-шараларды орындау үшін Астана қаласының әкімдігіне аудару үшін 5695816716 (бес миллиард алты жүз тоқсан бес миллион сегіз жүз он алты мың жеті жүз он алты) теңге сомасында, оның ішінде:

нысаналы даму трансферттері түрінде 3748183633 (үш миллиард жеті жүз қырық сегіз миллион бір жүз сексен үш мың алты жүз отыз үш) теңге сомасында, оның ішінде:

көлік инфрақұрылымын дамытуға 300000000 (үш жүз миллион) теңге сомасында;

«Астана халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға 3448183633 (үш миллиард төрт жүз қырық сегіз миллион бір жүз сексен үш мың алты жүз отыз үш) теңге сомасында;

автомобиль жолдарын жөндеуге және автобустар сатып алуға ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде 1947633083 (бір миллиард тоғыз жүз қырық жеті миллион алты жүз отыз үш мың сексен үш) теңге сомасында қаражат;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Астана қаласының әкімдігіне аудару үшін санитарлық автокөлік және арнайы жабдық сатып алуға ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде 159592700 (бір жүз елу тоғыз миллион бес жүз тоқсан екі мың жеті жүз) теңге сомасында қаражат;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес Астана қаласының әкімдігіне аудару үшін көлік құралдары мен арнайы жабдық сатып алуға ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде 345621500 (үш жүз қырық бес миллион алты жүз жиырма бір мың бес жүз) теңге сомасында қаражат;

4) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес көлік құралдары мен арнайы жабдық сатып алуға 326453170 (үш

жүз жиырма алты миллион төрт жүз елу үш мың бір жүз жетпіс) теңге сомасында қ а р а ж а т ;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіне радиотолқынды сканерлерді сатып алуға 243540000 (екі жүз қырық үш миллион бес жүз қырық мың) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.20 № 1379 Қаулысымен .**

2. Осы қаулыда көрсетілген орталық мемлекеттік органдар мен Астана қаласының әкімдігі осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К. Мәсімов*  
**Р е с п у б л и к а с ы**

*Премьер-Министрі*  
**Қ а з а қ с т а н**  
**Ү к і м е т і н і ң**  
**2 0 1 0**                      **ж ы л ғ ы**                      **3**                      **қ ы р к ү й е к т е г і**  
**№**                      **3 8 8**                      **қ а у л ы с ы н а**  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінетін қаражат есебінен орындалатын іс-шаралар тізбесі**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.20 № 1379 Қаулысымен.**

Р / с №	Атауы	Сомасы (мың теңге)
<b>Нысаналы даму трансферттері</b>		
1	№ 23 көшеден әуежайға жолындағы айналма айырымға дейін Сарыарқа көшесін салу	300 000,0
2	«Астана халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға	3 448 183,6
	Барлығы:	3 748 183,6
<b>Ағымдағы нысаналы трансферттер</b>		
1	Белгілеу, жол қозғалысын ұйымдастыру	150 000,0
2	Елшіліктерге және қонақ үйлерге баратын жолдарды, орамшілік жолдарды, көлік тұратын орындарды, кіреберіс жолдарын орташа (ағымдық) жөндеу бойынша жұмыстар	522 000,0
3	Автобустар сатып алу (40 бірлік)	1 275 633,1
	Барлығы:	1 947 633,1

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
 Ү к і м е т і н і ң  
 2 0 1 0 ж ы л ғ ы 3 қ ы р к ү й е к т е г і  
 № 8 8 3 қ а у л ы с ы н а  
 2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен сатып алатын автокөлік пен арнайы жабдықтың тізбесі**

Атауы	Саны (дана)	Сомасы (мың теңге)
Санитарлық автокөлік	9	155 774,7
Оттегі баллоны бар өкпені жасанды желдету портативті аппараты	2	3 818,0
<b>Барлығы:</b>		159 592,7

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
 Ү к і м е т і н і ң  
 2 0 1 0 ж ы л ғ ы 3 қ ы р к ү й е к т е г і  
 № 8 8 8 қ а у л ы с ы н а  
 3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен сатып алатын автокөлік пен арнайы жабдықтың тізбесі**

**Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.20 № 1379 Қаулысымен.**

Р / с №	Атауы	Саны (дана)	Сомасы (мың теңге)
1	Автокөлік:	50	271 516
	Өкілдік санаттағы жеңіл автокөлік	3	37 932
	Жеңіл автокөлік	32	156 350
	Жоғары өтімді жеңіл автокөлік	5	11 475
	Автобус	7	29 309
	Шағын автобус	3	36 450
2	Арнайы қарайтын құрал:	117	20 430,5
	Стационарлық металды детектор	15	14 827,5
	Портативті қол металл детекторы	86	4 171
	Қарау айнасы	16	1 432
3	«Модульді нұсқадағы» стационарлық бекет	6	6 000

4	Байланыс құралдары:	816	47 675
	Гарнитурасы бар жиынтықта алып жүретін конвенциальды радиостанциялар	120	11 280
	Жабық түрдегі гарнитурасы бар жиынтықта алып жүретін конвенциальды радиостанциялар	115	16 905
	Цифрлық транкты радиостанцияларға арналған гарнитуралар	55	1 485
	Конвенциальды радиостанцияларға арналған гарнитуралар	425	5 100
	Автокөлікке арналған ұтқыр радиостанциялар	50	2 850
	Сәулелі матрицасы бар сигналды-дауыс зорайтқыш құрылғы	50	9 100
	Радио сигналдың қуатын күшейтуге арналған жиынтықта ретранслятор	1	955
	Барлығы:		345 621,5

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
 Ү к і м е т і н і ң  
 2 0 1 0 ж ы л ғ ы 3 қ ы р к ү й е к т е г і  
 № 8 8 8 қ а у л ы с ы н а  
 4-қосымша

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен сатып алатын автокөлік пен арнайы жабдықтың тізбесі**

**Ескерту. 4-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.20 № 1379 Қаулысымен.**

Р / с №	Атауы	Саны (бірлік)	Сомасы (мың теңге)
1	Негізгі және арнайы өрт сөндіру автомобильдері	6	234 933
	Авариялық-құтқару автомобилі АСА-20	1	29 990
	Шұғыл ден қою автомобилі АБР-1,0-0,4	1	39 990
	Шұғыл ден қою автомобилі АБРVW	1	35 061
	Түтін жою автомобилі ТЖК	1	84 720
	Газтүтіннен қорғайтын қызметінің автомобилі АГ	1	30 562
	Штабтық автомобилі ША	1	14 610
2	Байланыс құралдары	1 617	73 132,2
	Диспетчерлік коммутаторлық консоль	1	25 317,8
	Ұтқыр радиостанция	30	1 796
	Алып жүретін радиостанциялар	300	1 641,9
	Литий-ионды аккумулятор 2000 mAh	1 200	14 208
	Автомобилдің борт желісінің желілік емес кедергі фильтрі 12В	80	735,5
	Радио және телефон сөйлесуін жазу жүйесінің платасы	6	929
3	Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдары, жасырын жануды анықтайтын аспаптар және қауіпсіздік датчиктері	59	18 388

Тұйық тізбекті тыныс алу аппараттар жиынтығы (4-сағат жұмыс істеу уақытымен)	18	13 500
Жылувизор	1	2 288
Қолмен іске қосудың термодатчигі бар жылжымайтын жағдайдағы дабылқаққыш	40	2 600
Барлығы:		326 453,2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК